

Мәтін мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңыз

Арнұр әдеттегідей сабағына бара жатты. Үйден шыққанда көрші апайды көріп, амандасады. Ол кісі жағдайын, сабағын сұрайды. Жөн сұрасқаннан кейін, екеуі екі жаққа кетеді. Паркинг арқылы сыртқа шығарда кішкентай самокаттың жолда тұрғанын көреді. Жүргіншілерге кедергі келтірмесін деп, оны шетке шығарып қояды. Бағдаршамға жеткенде қызыл түс жанып, тоқтап тұрады. Сол кезде жолдан жүгіріп өтпекші болған баланың киімінен тартып тоқтатады. Бірақ ол бала құлап, қолын жарақаттап алады. Бірден айқайлап жылай бастайды. Арнұр оны қанша жұбатайын десе де тоқтамады. Бірден телефонын шығарып, анасына қоңырау шалады. Жылап отырған балаға анасы құстай ұшып жетеді. Баласының қолы сырылғанын көріп, қорқып кетеді. Бала Арнұрды көрсетіп, оның өзін тартып құлатқанын айтады. Баланың анасы бас салып, Арнұрға ұрса бастайды. Арнұр да бұл кісіге ыза толы көзімен, жеккөріп қарап тұрды. Осы жағдайдың барлығын алыстан көріп келе жатқан ер кісі өз жолынан бұрылып қайтып келеді. Барлық жағдайды баланың анасына айтып береді. Баланың анасы үн-түнсіз баласын жетектеп, үйіне кетеді, ал Арнұр сабағына кешіккенін байқап, мектепке қарай жүгірді.

1. ДҰРЫС ЖАУАПТЫ БЕЛГІЛЕҢІЗ

Арнұр қайда бара жатты?

- A. Мектепке
- B. Дүкенге
- C. Досының үйіне
- D. Спорт кешеніне

2. ДҰРЫС ЖАУАПТЫ БЕЛГІЛЕҢІЗ

Самокатты жолдан алып қоюы оның қандай қасиетін көрсетеді?

- A. Аңқау
- B. Әжет
- C. Әділ
- D. Қамқор

3. АРНҰР БАҒДАРШАМНЫҢ ҚЫЗЫЛ ТҮСІНЕН ӨТІП КЕТПЕКШІ БОЛДЫ

- A. Дұрыс
- B. Бұрыс

4. АРНҰР БАЛАНЫ ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

- A. Дұрыс
- B. Бұрыс

5. ЕКІ БАҒАНДАҒЫ СӨЗДЕРДІ МАҒЫНАСЫНА ҚАРАЙ СӘЙКЕСТЕНДІРІҢІЗ

Арнұр

барлығын түсіндіріп айтты

Құлаған бала

айқайлап ұрсты

Баланың анасы

баланың киімінен тартып тоқтатты

Ер кісі

анасына қоңырау шалды

6. КІМНІҢ ӘРЕКЕТІ ҰНАДЫ НЕМЕСЕ ҰНАМАДЫ? НЕЛІКТЕН?